



010000, Астана қаласы, Мәңгілік Ел даңғылы, 14
тел.: 8 (7172) 71 28 68, факс: 8 (7172) 30 18 65
www.prokuror.gov.kz

010000, город Астана, проспект Мәңгілік Ел, 14
тел.: 8 (7172) 71 28 68, факс: 8 (7172) 30 18 65
www.prokuror.gov.kz

10.02.2023 № 2-01-23-12049

13.01.2023 ж. №ДЗ-15

Қазақстан Республикасының Парламент Мәжілісі

Теміржол көлік
оқиғалары бойынша

Бас прокуратура теміржол көлігі оқиғалары және «ҚазШпал» АҚ жолданымы бойынша депутаттық сауалды қарады.

2022 жылы ел бойынша теміржол жолдарында 1015 оқиға тіркелгені анықталды (2021 жылы – 1 178; 2020 жылы – 860), оның ішінде:

- 9 апат (2021 жыл – 2; 2020 жыл – 4);
- 1 авария (2021 жыл – 1; 2020 жыл – 0);
- 281 оқиға (2021 жыл – 298, 2020 жыл – 282);
- 724 оқыс оқиға (2021 жыл – 877; 2020 жыл – 574).

Анықтама ретінде: апат – теміржол жолдарында соқтығысу, жылжымалы құрамның түсу жағдайлары, салдарынан адам қаза табуы немесе пайдалануға жарамсыз күйдегі жылжымалы құрамның зақымдануы.

Авария – салдарынан адам денсаулығына ауыр зиян келтірілген немесе күрделі жөндеу қажеттілігімен жылжымалы құрам бүлінген жағдайлар.

Оқиға – апат пен апаттың салдары жоқ жағдай.

Оқыс оқиға – теміржол жолдарында апатқа, аварияға және оқиғаға әкеп соқпаған қозғалыс қауіпсіздігі талаптарын бұзу жағдайлары.

Теміржол көлігіндегі қозғалыс қауіпсіздігін бұзушылықтарды тергеп-тексеру қағидаларына сәйкес (Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 2019 жылғы 1 тамыздағы №604 бұйрығымен бекітілген) қозғалыс қауіпсіздігінің бұзылуы міндетті түрде тергеп-тексеруге жатады.

Апаттар мен аварияларды тексеруді уәкілетті орган (Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің Көлік комитеті, бұдан әрі – Комитет) құратын комиссия (бұдан әрі – Комиссия) жүзеге асырады.

Анықтама ретінде: Комиссия құрамына Комитет қызметкерлері, тасымалдау процесіне қатысушылар және өзге де мүдделі тұлғалар кіреді. Комиссияның негізгі міндеті бұзушылықтардың себептері мен ілеспе факторларын анықтау, қозғалыс қауіпсіздігіне төнетін қатердің алдын алу бойынша ұсынымдар әзірлеу болып табылады.

Соңғы үш жылда комиссия қозғалыс қауіпсіздігін бұзу жағдайларына 33 тергеп-тексеру жүргізді (23 – апат, 8 – апат, 2 тергеп-тексеру жалғасуда, оқиғаның ауырлығы анықталуда).

Комитеттің аумақтық көліктік бақылау инспекциялары тексеру нәтижелері бойынша теміржол көлігінде қозғалыс қауіпсіздігін қамтамасыз ететін ережелерді бұзғаны үшін Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің 559-бабы бойынша

300-ге жуық (2022 жыл – 109; 2021 жыл – 95; 2020 жыл – 85; бұдан әрі - ӘҚБтК) ҚТЖ қызметкерін (оның ішінде 13 адам басшы құрамнан) әкімшілік жауаптылыққа тартылған.

Мысалы, 2022 жылдың 6 наурызында Ақтөбе облысында Ащылысай станциясында жылжымалы құрамның дайын емес бағытқа жіберілуіне байланысты локомотив рельстен шығып кеткен.

Станция бастығы, кезекші диспетчер (ӘҚБтК –нің 559-бабы 6 - бөлігінің 2 - тармағы бойынша жылжымалы құрамды, техникалық құралдарды ұстау, пайдалану және жөндеу кезіндегі бұзушылықтар) және «ҚТЖ-Жүк тасымалы» - «Батыс» ЖШС (ӘҚБтК-нің 559-бабы 8-бөлігі бойынша вагонды ағытуға және жөндеуге әкеп соққан қауіпсіздікті бұзу) әкімшілік жауаптылыққа тартылды.

2022 жылғы 28 желтоқсанда Қарағанды облысының Қарабас станциясында болған жүк пойызы вагондарының жолдан шығуына қатысты Комитет құрған арнайы комиссия тергеп-тексеру жүргізуде.

Сонымен қатар Қарағанды станциясындағы Желілік полиция бөлімі осы факті бойынша Қылмыстық кодекстің 344-бабының 1-бөлігі (абайсызда адам денсаулығына ауыр немесе орташа ауырлықтағы зиян келтіруге не ірі залал келтіруге әкеп соққан теміржол көлігінің қозғалысы немесе пайдалану қауіпсіздігі қағидаларын бұзу) бойынша сотқа дейінгі тергеп-тексеруді бастады.

Түркістан облысының Манкент станциясындағы жүк вагондарының жиыны бойынша Желілік полиция бөлімі ҚК-нің 344-бабының 1-бөлігі бойынша қылмыстық істі тергеп-тексеруде (оқиға мән-жайларына сот-сараптамалық зерттеу жүргізілуде, оның нәтижелері бойынша жиналған дәлелдемелерді ескере отырып, түпкілікті процестік шешім қабылданатын болады).

Бүгінгі таңда жоғарыда аталған істер бойынша оқиғаның себептері мен жағдайларын анықтау үшін қажетті сараптамалар тағайындалды. Тергеу аяқталғаннан кейін кінәлі адамдарды анықтайтын қорытынды баға беріледі.

«ҚазШпал» АҚ (бұдан әрі – Қоғам) жолданымы бойынша 2022 жылғы 14 ақпанда Қоғам мен «Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ филиалы - Магистральдық желілер дирекциясы (бұдан әрі – Дирекция) арасында теміржол шпалдарының жиынтығын жеткізуге шарт жасалғанын хабарлаймыз.

Кейін Дирекция жеткізу мерзімінің бұзылуына байланысты 56 млн теңге көлемінде айыппұл сомасын ұстады.

Өнім беруші мен Тапсырыс беруші арасындағы шарттық қатынастарды ескере отырып, бұл дау азаматтық сот ісін жүргізу тәртібінде шешілуге тиіс.

Құрметпен,

Б. Асыллов



010000, Астана қаласы, Мәңгілік Ел даңғылы, 14
тел.: 8 (7172) 71 28 68, факс: 8 (7172) 30 18 65
www.prokuror.gov.kz

010000, город Астана, проспект Мәңгілік Ел, 14
тел.: 8 (7172) 71 28 68, факс: 8 (7172) 30 18 65
www.prokuror.gov.kz

10.02.2023 № 2-01-23-12049

13.01.2023 г. №ДЗ-15

**Мажилис Парламента
Республики Казахстан**

По железнодорожным
транспортным происшествиям

Генеральной прокуратурой рассмотрен депутатский запрос по железнодорожным транспортным происшествиям и обращению АО «КазШпал».

Установлено, что за 2022 год по стране зарегистрировано 1015 происшествий на железнодорожных путях (2021 год – 1 178; 2020 год – 860), из которых:

- 9 крушений (2021 год – 2; 2020 год – 4);
- 1 авария (2021 год – 1; 2020 год – 0);
- 281 событие (2021 год – 298, 2020 год – 282);
- 724 инцидента (2021 год – 877; 2020 год – 574).

Справочно: крушение – случаи столкновения, схода подвижного состава на железнодорожных путях, в результате которых погиб человек или поврежден подвижной состав до состояния непригодности к эксплуатации.

Авария – случаи, в результате которого причинен тяжкий вред здоровью человека или поврежден подвижной состав с необходимостью капитального ремонта.

Событие – происшествие, не имеющие последствия аварии и крушения.

Инцидент – случаи нарушения требования безопасности движения, не повлекшие крушение, аварию и событие на железнодорожных путях.

В соответствии с Правилами расследования нарушений безопасности движения на железнодорожном транспорте (утв. приказом Министра индустрии и инфраструктурного развития от 1 августа 2019 года №604) нарушения безопасности движения подлежат обязательному расследованию.

Расследование крушений и аварий осуществляется комиссией (далее – Комиссия), создаваемой уполномоченным органом (Комитетом транспорта Министерства индустрии и инфраструктурного развития, далее – Комитет).

Справочно: в состав Комиссии входят сотрудники Комитета, участники перевозочного процесса и иные заинтересованные лица. Основной задачей Комиссии является установление причин и сопутствующих факторов нарушений, выработки рекомендаций по предотвращению угрозы безопасности движения.

За последние три года Комиссией проведено 33 расследования случаев нарушений безопасности движения (23 – крушения, 8 – аварий, по 2 расследование продолжается, определяется тяжесть происшествия).

Территориальными инспекциями транспортного контроля Комитета по результатам проверок порядка 300 работников КТЖ (в том числе 13 лиц руководящего состава) привлечены к административной ответственности по статье 559 (нарушение правил, обеспечивающих безопасность движения на железнодорожном транспорте) Кодекса об

административных правонарушениях (2022 год – 109; 2021 год – 95; 2020 год – 85; далее – КоАП).

К примеру, 6 марта 2022 года в Актюбинской области на станции Ащелисай произошел сход локомотива с рельсов из-за допуска подвижного состава к неподготовленному маршруту.

Начальник станции, дежурный диспетчер (по пункту 2 части 6 статьи 559 КоАП – нарушения при содержании, эксплуатации и ремонте подвижного состава, технических средств) и ТОО «КТЖ-Грузовые перевозки» - «Батыс» (по части 8 статьи 559 КоАП – нарушение безопасности повлекшей отцепку и ремонт вагона) привлечены к административной ответственности.

Относительно схода вагонов грузового поезда, произошедшего 28 декабря 2022 года в Карагандинской области на станции Карабас, проводится расследование специальной Комиссией, созданной Комитетом.

Кроме того, Линейным отделом полиции на станции Караганды по этому факту начато досудебное расследование по части 1 статьи 344 (нарушение правил безопасности движения или эксплуатации железнодорожного транспорта, повлекшее по неосторожности причинение тяжкого или средней тяжести вреда здоровью человека либо причинение крупного ущерба) Уголовного кодекса.

По сходу грузовых вагонов на станции Манкент Туркестанской области Линейным отделом полиции также расследуется уголовное дело по части 1 статьи 344 УК (проводится судебно-экспертное исследование обстоятельств происшествия, по результатам которого, с учетом собранных доказательств будет принято окончательное процессуальное решение).

На сегодня по вышеуказанным делам назначены экспертизы, необходимые для определения причин и условий происшествия. Окончательная оценка с определением виновных лиц будет дана по завершению расследования.

По обращению АО «КазШпал» (далее – Общество) сообщаем, что 14 февраля 2022 года между Обществом и филиалом АО «НК «ҚазақстанТемірЖолы» - Дирекция магистральных сетей (далее – Дирекция) заключен договор на поставку комплектов железнодорожных шпал.

В последующем Дирекцией из-за нарушения сроков поставки удержана сумма штрафа в размере 56 млн тенге.

Учитывая договорные отношения между поставщиком и заказчиком, данный спор подлежит разрешению в порядке гражданского судопроизводства.

С уважением,

Б. Асыллов